

1929 жылғы 20 сәуірде Женевада қол қойылған Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияның ратификациялық грамотасын оның хаттамасымен бірге сақтауға тапсырғаннан кейін Ұлы мәртебелі Дания және арал Королі менің үкіметімнің тапсырмасы бойынша тек 1930 жылғы 15 сәуірде дат Қылмыстық кодексі күшіне енгеннен кейін, Данияға қатысты жоғарыда аталған Конвенция мен хаттама өз күшіне енеді деген ескертпе жасай отырып, Конвенцияны ратификациялауды өзіме абырой санаймын.

Осыған байланысты, арнайы заңға сәйкес 1933 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей еліміздің Қылмыстық кодексі әділет министрінің қаулысына сәйкес қолданысқа енгізілетінін атап өтуді өзіме абырой санаймын.

Норвегия	(1931 жылғы 16 наурыз)
Греция	(1931 жылғы 19 мамыр)
Австрия	(1931 жылғы 25 маусым)
Кеңестік социалистік республикалар одағы	(1931 жылғы 13 шілде)
Чехословакия	(1931 жылғы 12 қыркүйек)
Монако	(1931 жылғы 21 қазан)

Қабылданған тараптар: Эстония (1930 жылғы 30 тамыз)

бельгиялықтардың ұлы мәртебелі королі; ұлы мәртебелі Ұлыбритания, Ирландия және теңіздің ар жағындағы британдық иеліктер королі, Үндістан императоры; болгарлардың ұлы мәртебелі королі; Қытай Республикасы ұлттық үкіметінің президенті; Колумбия Республикасының президенті; Куба Республикасының президенті; ұлы мәртебелі Дания королі; еркін Данциг қаласы үшін Польша Республикасының президенті; ұлы мәртебелі Испания королі; Француз Республикасының президенті; Эллин Республикасының президенті; Венгрия корольдігінің жарқын мәртебелі регенті; ұлы мәртебелі Италия королі; ұлы мәртебелі Жапония императоры; жоғары мәртебелі королева ұлы Люксембург герцогинясы; жарқын мәртебелі Монако ханзадасы; ұлы мәртебелі Норвегия королі; Панама Республикасының президенті; ұлы мәртебелі Нидерланды королевасы; Португалия Республикасының президенті; ұлы мәртебелі Румыния королі; сербтердің, хорваттардың және словендердің ұлы мәртебелі королі; Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Орталық атқарушы комитеті; Швейцария Федералдық Кеңесі ; Чех-Словак Республикасының президенті,

ақша белгілерін қолдан жасаудың алдын алуды және оған қарсы күресті неғұрлым пәрменді етуге ниет білдіре отырып, мыналарды өздерінің уәкілетті өкілдері етіп тағайындады :

ұлы мәртебелі Албания королі - Париждегі істерге сенім білдірілген доктор Ставро С т а в р и д і ;

Германия Республикасының президенті - Сыртқы істер министрлігіндегі миссия кеңесшісі доктор Эрих Краскені; империялық әділет министрлігіндегі министр

кеңесшісі доктор Вольфганг Меттгенбергті; құпия қаржы кеңесшісі, Рейхсбанктің басқарма мүшесі доктор Фокені;

Америка Құрама Штаттарының президенті - Швейцария федералдық кеңесі жанындағы төтенше уәкіл және өкілетті министр Юза Р. Вильсон мырзаны;

Австрия Республикасының федералдық президенті - Венаның полиция басқармасындағы қылмыстық полиция бөлімшесінің бастығы, полиция директоры доктор Бруно Шульті;

бельгиялықтардың ұлы мәртебелі королі - мемлекеттік министр, Брюссель апелляция палатасы жанындағы құрметті бас прокурор Сервэ мырзаны;

ұлы мәртебелі Ұлыбритания, Ирландия және теңіздің ар жағындағы британдық иеліктер королі, Үндістан императоры — Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия үшін, сол сияқты Британия империясының Ұлттар лигасының жеке мүшелері болып табылмайтын барлық бөлігі үшін - Репарациялық комиссия жанындағы британдық заң кеңесшісі сэр Джон Фишер Уильямсты; Ішкі істер министрлігіндегі директордың экс., көмекшісі Ласли С. Брассты; Үндістан үшін - экс., К.И.И., Үндістан істері жөніндегі министрліктегі директор Вернонанон Даусонды;

болгарлардың ұлы мәртебелі королі - Берндегі істерге сенім білдірілген Д.Миков мырзаны;

Қытай Республикасы ұлттық үкіметінің президенті - Германия республикасы президенті жанындағы Қытай миссиясының кеңесшісі Лон Лян мырзаны;

Колумбия Республикасының президенті - төтенше уәкіл және өкілетті министр, Ұлттар лигасы жанындағы тұрақты делегат доктор Антонио Хозе Рестрепону;

Куба Республикасының президенті - тұрақты уәкіл және өкілетті министр, Ұлттар лигасы жанындағы тұрақты делегат Г.де Бланк и Менокаль мырзаны; Ұлттар лигасы жанындағы тұрақты делегация жанындағы коммерциялық атташе Мануэль Р.Альварец мырзаны;

ұлы мәртебелі Дания королі - Ұлттар лигасы жанындағы тұрақты делегат Уильям Борберг мырзаны;

еркін Данциг қаласы үшін Польша Республикасының президенті - төтенше уәкіл, Ұлттар лигасы жанындағы Польша Республикасының делегаты Франциск Сокаль мырзаны; еркін қаланың бас прокуроры және қылмыстық полиция бастығы Джон Муль мырзаны;

ұлы мәртебелі Испания королі - маркиз де Торрегормоз, Швейцария федералдық кеңесі жанындағы төтенше уәкіл және өкілетті министр Морисо Лопец Робертс мырзаны;

Француз Республикасының президенті - британдық ұлы мәртебелі жанындағы елшілік жанындағы қаржы атташесі граф де Шаландты;

Эллин Республикасының президенті - Каир жоғары апелляция палатасы жанындағы құрметті кеңесші Меголос Калоянни мырзаны;

Венгрия корольдігінің жарқын мәртебелі регенті - резидент министрі, Ұлттар лигасы жанындағы тұрақты делегат П. де Гевеси де Гевес мырзаны; ұлы мәртебелі Италия королі - Әділет министрлігінің есебіндегі кассациялық палата жанындағы кеңесші командор доктор Уго Аллоизиді; ұлы мәртебелі Жапония императоры - кассациялық палатаның бас прокуроры Райзабуро Хаяши мырзаны; монета сарайының директоры Шигеру Нагаи мырзаны; жоғары мәртебелі королева ұлы Люксембург герцогинясы - Женевадағы консул Карл Г. Вермер мырзаны; жарқын мәртебелі Монако ханзадасы - Женевадағы вице-консул Родольф Эллес мырзаны;

ұлы мәртебелі Норвегия королі - Парламентаралық одақтың бас хатшысы Хр.Л. Ланге мырзаны; Панама Республикасының президенті - сыртқы істер жөніндегі статс-хатшы доктор Аросеменді;

ұлы мәртебелі Нидерланды королевасы - Нидерланды қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі орталық бюросының бұрынғы бастығы, Амстердам апелляция палатасы жанындағы бұрынғы бас прокурор барон А.А. ван дер Фельцті; Нидерландылық Үндістанның қаржы департаментінің бас қазынашысы П.И.Герке мырзаны; мемлекеттік полиция комиссары, бас полиция инспекторы К.Г. Брекгофф мырзаны;

Польша Республикасының президенті - өкілетті министр, Ұлттар лигасы жанындағы делегат Франциск Сокаль мырзаны; жоғарғы сот судьясы доктор Владимирж Сокальскийді;

Португалия Республикасының президенті - Португалия банкінің директоры, Лиссабон университеті заң факультетінің профессоры доктор Хозе Казейро да Маттаны; ұлы мәртебелі Румыния королі - Ұлттар лигасы жанындағы төтенше уәкіл және өкілетті министр Константин Антониаде мырзаны; Ясск университетінің қылмыстық құқық профессоры Веспазиан В. Пелл мырзаны; апелляция палатасы жанындағы адвокат Паскаль Тонческо мырзаны;

сербтердің, хорваттардың және словендердің ұлы мәртебелі королі - Белград университетінің қылмыстық құқық профессоры доктор Фома Живановичті;

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Орталық атқарушы комитеті - Француз Республикасының президенті жанындағы Одақ елшілігінің заң консульты Георгий Лашкевич мырзаны; Француз Республикасының президенті жанындағы Одақ елшілігінің атташесі Николай Любимов мырзаны;

Швейцария Федералдық Кеңесі - Швейцария федералдық әділет және полиция департаментіндегі полиция бөлімшесінің бастығы, Берн университетінің құқық профессоры Е. Делакис мырзаны;

Чех-Словак Республикасының президенті - Брнодағы университеттің қылмыстық және халықаралық құқық профессоры доктор Ярослав Каллабаны;

олар дұрыс және тиісті нысанда деп танылған өз өкілеттерін ұсына отырып, төмендегі қаулылар туралы келісті:

Бірінші бөлік

1-бап

Жоғары уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияның бірінші бөлігінде жазылған ережелерді қазіргі жағдайлар кезінде ақша белгілерін қолдан жасаудың алдын алу үшін және оларға қарсы күрес ретінде неғұрлым пәрменді құрал деп таниды.

2-бап

Осы Конвенцияда «ақша белгілері» деген сөздер заңға орай банк билеттерін қоса алғанда қағаз ақшалар және айналымдағы металл монеталар деп түсініледі.

3-бап

Мыналар әдеттегі қылмысты істер ретінде жазалануы тиіс:

(1) Осы нәтижеге қол жеткізу үшін қолданылатын тәсіл қандай болса да, ақша белгілерін жасау немесе өзгерту бойынша алдау әрекеттерінің барлығы.

(2) Қолдан жасалған ақша белгілерін өткізу.

(3) Олардың қолдан жасалу сипаты белгілі болған жағдайда жалған ақша белгілерін өткізуге, елге әкелуге немесе алуға немесе өзіне иеленуге бағытталған әрекеттер.

(4) Осы құқық бұзушылықтарды жасауға оқталу және қасақана бірге қатысу
ж ө н і н д е г і ә р е к е т т е р .

(5) Өзінің мақсаты жағынан жалған ақша белгілерін дайындауға немесе ақша белгілерін өзгертуге арналған құралдарды немесе өзге де заттарды әзірлеу жөніндегі, алу жөніндегі немесе өзіне сатып алу жөніндегі алдау әрекеттері.

4-бап

3-бапта көзделген әрекеттердің әрқайсысы әр түрлі елдерде жасалғандықтан, олар оқшауланған құқық бұзушылық ретінде қаралуы тиіс.

5-бап

Жазалау шараларына қатысты 3-бапта көзделген әрекеттер арасында олардың ұлттық ақша белгілеріне немесе шетелдік ақша белгілеріне қатысты жасалғандығы тұрғысынан айырмашылық белгіленбеуі тиіс; бұл қаулы заңнан немесе шарттан туындайтын қандай да бір өзара қатынас жағдайларға тәуелді бола алмайды.

6-бап

Халықаралық рецидив принципiне жол беретiн елдер тиiстiлiгi бойынша өздерiнiң заңнамаларында белгiленген шарттар сақталған жағдайда 3-бапта көзделген әрекеттердiң бiрiнiң жасалуына орай шығарылған шетелдiк сот үкiмдерiн осыған ұқсас рецидивтi туындататын жағдай ретiнде таниды.

7-бап

Азаматтық талапкер ретiнде iшкi заңнамамен рұқсат етiлетiн шамада қажет жағдайларда ақша белгiлерi қолдан жасалған уағдаласушы жоғары тарапты қоса алғанда шетелдiк азаматтық талапкерлер сот iсi жүргiзiлiп жатқан елдiң заңдары бойынша жергiлiктi тұрғындар үшiн берiлетiн барлық құқықтарды жүзеге асыру мүмкiндiгiн иеленуi тиiс.

8-бап

Өз азаматтарын ұстап беру принципiн мойындамайтын елдерде 3-бапта көзделген әрекеттердi шетелде жасағаннан кейiн өз елiнiң аумағына қайтып келген өз тұрғындары әрекет өздерiнiң аумағында жасалған жағдайдағыдай тәртiппен және тiптi айыпты құқық бұзушылықты жасағаннан кейiн азаматтық алған жағдайда да жазаға тартылуы тиiс. Егер осындай жағдайда шетел азаматын ұстап беру мүмкiн болмаса, бұл қаулы қолданылмайды.

9-бап

3-бапта көзделген әрекеттердi шетелде жасаған және iшкi заңнамасы шетелде жасалған құқық бұзушылықтар үшiн жауапқа тарту принципiн жалпы ережелер ретiнде қолданатын елдiң аумағында жүрген шетелдiктер әрекет сол елдiң аумағында жасалған жағдайдағыдай тәртiппен жазаға тартылуы тиiс.

Жауапқа тарту мiндеттемесi ұстап берудiң талап етiлуiмен және талап жiберiлген ел осы iспен байланысты емес деген себеппен айыптыны ұстап бере алмайтынымен негiзделедi.

10-бап

3-бапта көзделген әрекеттер автоматты түрде түрлi жоғары уағдаласушы тараптар арасында жасалған немесе жасалуы мүмкiн барлық ұстап беру туралы шарттарға ұстап беру үшiн негiздеме ретiнде енгiзiледi.

Ұстап берудi шарттың бар болуымен немесе өзара қатынас жағдайымен байланыстырмайтын жоғары уағдаласушы тараптар бұдан былай 3-бапта көзделген

Әрекеттерді олардың арасындағы ұстап беру үшін негіздеме ретінде таниды.
 Ұстап беру талап жіберілген елдің құқығына сәйкес жүргізіледі.

11-бап

Қолдан жасалған ақша белгілері, сол сияқты 3-баптың 5-тармағында көрсетілген құралдар және өзге де заттар алып қойылуы және тәркіленуі тиіс. Қудалау орын алған елдің заңдары бойынша қылмыстық мұрағаттарда сақталуы қажет заттай айғақтарды, сол сияқты 12-бапта сөз болып отырған орталық бюроға беру пайдалы болатындай үлгілерді қоспағанда, осы ақша белгілері, осы құралдар және осы заттар тәркіленгеннен кейін тиісті талап бойынша не үкіметке, не ақша белгілері туралы сөз болып отырған эмиссиялық банкке берілуі тиіс. Кез келген жағдайда осы заттардың барлығы пайдалануға жарамсыз етілуі тиіс.

12-бап

Әрбір елде ақша белгілерін қолдан жасау істері жөніндегі анықтауды ұлттық заңнама шеңберінде айрықша орталық бюро жүргізуі тиіс.

Б ұ л о р т а л ы қ б ю р о :

а) эмиссиялық органдармен;

б) ел ішіндегі милиция (полиция) биліктерімен;

с) басқа елдердің орталық бюроларымен тығыз байланыста болуы тиіс.

Ол әрбір елде ақша белгілерін қолдан жасау жағдайларын іздестіруді, олардың алдын алуды және жолын кесуді жеңілдете алатын барлық мәліметтерді орталықтандыруы тиіс.

13-бап

Әр түрлі елдердің орталық бюролары тікелей өзара қатынаста болуы тиіс.

14-бап

Әрбір орталық бюро өзі пайдалы деп табатын шектерде өз елінің ақша белгілерінің перфорацияланған түпнұсқа үлгілерінің жинағын басқа елдердің орталық бюроларына т а п с ы р у ы т и і с .

Ол тұрақты түрде сол шектерде шетелдік орталық бюроларға қажетті барлық мәліметтерді бере отырып, а) өз елінде шығарылатын ақша белгілерінің жаңа шығарылымдары туралы; б) ақша белгілерінің алып қойылуы және күші жойылғандығы туралы хабарлауы тиіс болады.

Тек жергілікті маңызы бар жағдайларды қоспағанда, әрбір орталық бюро өзі пайдалы деп санайтын шектерде шетелдік орталық бюроларға мыналарды хабарлауы

т и і с :

1. Қолдан жасалған ақша белгілерінің анықталуы туралы. Банктік немесе мемлекеттік ақша белгілерінің қолдан жасалуы туралы хабарлама билеттері қолдан жасауға ұшыраған эмиссиялық орган ғана жасаған қолдан жасаудың техникалық сипаттамасы бірге жүреді, фотографиялық түсірілімі немесе егер мүмкін болса, қолдан жасалған билеттің данасы хабарланады. Шұғыл аударылмаған жағдайларда мүдделі орталық бюроларға жоғарыда аталған хабарламаларға және техникалық сипаттамаларға нұқсан келтірместен, милиция (полиция) биліктерінен шығатын хабарлар және қысқаша сипаттама сеніммен хабарлануы мүмкін.

2. Ақша белгілерін қолдан жасаушыларды іздестіру, қудалау, қамауға алу, соттау, қуғындау туралы, сондай-ақ қажетті жағдайларда олардың тұрғылықты жерлерін ауыстыруы туралы және басқа да әр түрлі пайдалы мәліметтер, мысалы: белгілері, саусақтарының іздері және ақша белгілерін қолдан жасаушылардың фотографиялық с у р е т т е р і .

3. Бұл анықтау айналымға шығарылған жалған ақшаның бүкіл массасын толық қамтуға мүмкіндік берген-бермегенін көрсете отырып, қолдан жасалғанды анықтаудың анық-қанығы туралы.

15-бап

Ақша белгілерін қолдан жасаудың алдын алу және жолын кесу саласындағы тікелей халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету, жетілдіру және дамыту үшін жоғары уағдаласушы тараптардың орталық бюроларының өкілдері эмиссиялық банктер мен мүдделі орталық билік өкілдерінің қатысуымен ара-тұра конференциялар шақыруы тиіс . Орталық халықаралық анықтама бюросын ұйымдастыру және оның қызметін қадағалау осы конференциялардың бірінің мәні болып табылуы мүмкін.

16-бап

3-бапта көрсетілген құқық бұзушылықтарға жататын сот тапсырмаларын беру:

(а) Мүмкіндігінше сот биліктерінің тікелей қатынастары арқылы немесе мүмкін болған жағдайда орталық бюролар арқылы;

1 Бұл ұғым «сот тапсырмасы» сияқты мағынамен бірдей.

(б) Екі елдің әділет министрлерінің тікелей хат алмасуы арқылы немесе тапсырма берілетін елдің әділет министріне тапсырма беретін ел билігінің тікелей жіберуі а р қ ы л ы ;

(с) Іске құзыретті сот биліктеріне немесе тапсырма берілетін үкімет көрсететіндерге тапсырма берілетін және осы биліктерден сот тапсырмасының орындалуын білдіретін құжаттарды тікелей алатын елде тапсырма беретін елдің дипломатиялық немесе

консулдық агенті арқылы жүргізілуі тиіс.

(а) және (с) жағдайларында сот тапсырмасының көшірмесі барлық жағдайларда ол берілетін елдің жоғары билігінің атына бір мезгілде жолдауы тиіс.

Өзгеше келісім болмаған жағдайда сот тапсырмасы тапсырма беретін биліктің тілінде жазылуы тиіс, бұл ретте оның өз тіліне жасалған және тапсырма беретін билік куәландырған аудармасын талап ету тапсырма берілетін елге байланысты болады.

Уағдаласушы тараптардың әрқайсысы қалған жоғары уағдаласушы тараптардың әрқайсысына жолданған хабарлама арқылы ол осы жоғары уағдаласушы тараптың берген сот тапсырмалары үшін жол беретін жоғарыда санамаланған әдіске немесе әдістерге қатысты хабарлайды.

Жоғары уағдаласушы тарап осындай хабарлама жасамайынша, сот тапсырмаларына қатысты онда қолданыстағы рәсім сақталады.

Сот тапсырмаларын орындау алымдарды немесе сараптама бойынша шығасылардан өзге шығасыларды өтеу үшін негіз бола алмайды.

Осы бапта ештеңе де жоғары уағдаласушы тараптардың тарапынан қылмыс саласындағы айғақтар жүйесіне қатысты қандай да болмасын заңдарынан жаңылысуға жол беру міндеттемесін құрайтындай түсіндіріле алмайды.

17-бап

Жоғары уағдаласушы тараптардың осы Конвенцияға қатысуы халықаралық құқық мәселесі сияқты қылмыстық әділетінің құзыреттілігі туралы жалпы мәселеде оның ұстанымына нұсқан келтіретіндей түсіндірілмеуі тиіс.

18-бап

Осы Конвенция 3-бапта көзделген әрекеттер әрбір елде оның ішкі заңнамасының жалпы ережесіне сәйкес саралануы, қудалануы және сотталуы тиіс екендігі принципін, бірақ қандай жағдайда да олар үшін жазаламауды қамтамасыз етпей қозғаусыз қалдырады.

Екінші бөлік

19-бап

Жоғары уағдаласушы тараптар осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты өз арасында туындауы мүмкін барлық дауларды, егер оларды тікелей келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, халықаралық соттың тұрақты палатасына шешу үшін жіберілетінімен келіседі. Егер араларында дау туындаған жоғары уағдаласушы тараптар немесе олардың біреуі Халықаралық соттың тұрақты палатасына

қатысты 1920 жылғы 16 желтоқсандағы хаттаманың қатысушысы болып табылмаса, онда бұл келіспеушілік олардың тілектеріне байланысты және олардың әрқайсысының конституциялық ережелеріне сәйкес не Халықаралық соттың тұрақты палатасына, не 1907 жылғы 18 қазандағы Халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу туралы конвенцияға сәйкес құрылатын аралық сотқа, не кез келген басқа аралық сотқа шешу үшін беріледі.

20-бап

Французша және ағылшынша мәтіндері бірдей дәлме-дәл болатын осы Конвенцияға осы күннің датасы қойылады; 1929 жылғы 31 желтоқсанда оған Ұлттар лигасының кез келген мүшесінің және оған мүше емес, осы Конференцияны әзірлеген конференцияда таныстырылатын немесе Ұлттар лигасының кеңесі аталған Конвенцияның данасын жолдайтын кез келген мемлекеттің атынан қол қоюға болады.

Бұл баспаның Б. VI, 379 беті; Б. XI, 404 беті; Б. XV, 304 беті; Б. XXIV, 152 беті; Б. XXVII, 416 беті; Б. XXXIX, 165 беті; Б. XLV, 96 беті; Б. L, 159 беті; Б. LIV, 387 беті; Б. LXIX, 70 беті; Б. LXXII, 452 беті; Б. LXXVIII, 435 беті; Б. LXXXVIII, 272 беті; Б. XCII, 362 беті; Б. XCVI, 180 беті; Б. C, 153 беті; Б. CIV, 492 беті; Б. CVII, 461 беті; Б. CXI, 402 беті.

Британдық және шетелдік мемлекеттік қағаздары, Б. 100, 298 беті.

Осы Конвенция ратификацияланатын болады. Ратификациялау грамоталары Ұлттар лигасының бас хатшысына беріледі, ол Лиганың барлық мүшелеріне алғаны туралы, сондай-ақ мүше болып табылмайтын, алдыңғы бөлімнің аясында қаралатын мемлекеттерге хабарлайды.

21-бап

1930 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Конвенцияға Ұлттар лигасының кез келген мүшесінің немесе оған мүше болып табылмайтын, 20-баптың аясында қаралатын, осы келісімге әлі қол қоймаған кез келген мемлекеттің атынан қосылуға болады.

Қосылу туралы құжаттар ұлттар лигасының бас хатшысына беріледі, ол алғаны туралы Лиганың барлық мүшелеріне, сондай-ақ мүше болып табылмайтын, аталған баптың аясында қаралатын мемлекеттерге хабарлайды.

22-бап

20-баптың екінші бөліміне сәйкес Конвенцияны ратификациялауға немесе 21-баптың күшіне орай оған қосылуға ықыласты, бірақ Конвенцияны қолдануға қатысты ескертпелер енгізуге рұқсат алуға ниет білдірген елдер Ұлттар лигасының бас

хатшысына өз ниеті туралы хабарлай алады. Соңғысы ратификациялау туралы немесе қосылу туралы грамота сақтауға берген жоғары уағдаласушы тараптардан қарсылығының бар-жоғы туралы сұрай отырып, бұл ескертпелерді оларға дереу хабарлайды. Егер осы хабарлама жасалған күннен бастап алты ай мерзімде жоғары уағдаласушы тараптардың ешқайсысы қарсылық білдірмесе, онда көрсетілген ескертпені жасаған елдің Конвенцияға қатысуы басқа да барлық жоғары уағдаласушы тараптардың көрсетілген ескертпемен қабылдады деп қаралады.

23-бап

Жоғары уағдаласушы тараптардың бірінің осы Конвенцияны ратификациялауы немесе оған қосылуы заңнама және оның әкімшілік құрылымы Конвенцияда баяндалған ережелерге жауап беретінін білдіреді.

24-бап

Қол қою кезінде, ратификациялау кезінде немесе қосылу кезінде жоғары уағдаласушы тараптар тарапынан өзге мәлімдеме болмаған жағдайда, Конвенция қаулылары колонияларға, теңіздің арғы жағындағы иеліктерге, протектораттарға немесе сюзеренитеттегі немесе мандаттағы аумақтарға қолданылмайды.

Алайда, жоғары уағдаласушы тараптар 21 және 23-баптардың шарттары негізінде өз колониялары, теңіздің арғы жағындағы иеліктері, протектораттары немесе сюзеренитеттегі немесе мандаттағы аумақтары үшін Конвенцияға қосылу құқығын сақтайды. Олар сонымен қатар 27-баптың шарттарында оны денонсациялау құқығын өздеріне бөлек қалдырады.

25-бап

Осы Конвенция ратификацияланған кезде немесе оған Ұлттар лигасы мүшелерінің немесе оның мүшесі болып табылмайтын мемлекеттердің бесеуінің атынан оған қосылған кезде ғана күшіне енеді. Ұлттар лигасының бас хатшысы бесінші ратификациялауды немесе қосылуды қабылдағаннан кейінгі тоқсаныншы күн күшіне енген күн болып табылады.

26-бап

Конвенция күшіне енгеннен кейін болған әрбір ратификациялау немесе әрбір қосылу 25-бапқа сәйкес оны Ұлттар лигасының бас хатшысы қабылдаған күннен кейін тоқсаныншы күннен бастап қолданысқа енеді.

27-бап

Осы Конвенция Ұлттар лигасының кез келген мүшесінің немесе оның мүшесі болып табылмайтын кез келген мемлекеттің атынан Ұлттар лигасының бас хатшысына жолданған жазбаша мәлімдеме арқылы денонсациялануы мүмкін, ол бұл туралы Лиганың барлық мүшелеріне және оған мүше болып табылмайтын, 20-баптың аясында қаралатын мемлекеттерге хабарлайды. Денонсация Ұлттар лигасының бас хатшысы оны алған күннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді; оның атынан ол жүргізілетін жоғары тарапқа қатысты ғана жарамды болады.

28-бап

Осы Конвенцияны Ұлттар лигасының бас хатшысы күшіне енген күні тіркейді. Осыны куәландыру үшін жоғарыда аталған уәкілетті адамдар осы Конвенцияға қол қойды.

Бір мың тоғыз жүз жиырма тоғызыншы жылғы жиырмасыншы сәуірде Женевада Ұлттар лигасы хатшылығының мұрағатында сақтауға қалдырылатын бір данада жасалды, ал оның тиісті түрде куәландырылған көшірмелері Ұлттар лигасының барлық мүшелеріне және оған мүше емес, 20-баптың аясында қаралатын мемлекеттерге беріледі.

Албания	—	д-р	Ставро	Ставри
Германия	-	д-р	Ерик Краске,	д-р Вольфганг Мэтгенберг Вокке
АҚШ	-	Хью	Р.	Уилсон
Австрия	-	д-р	Бруно	Шульц
Бельгия	-			Сервэйс

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия, сондай-ақ Ұлттар Лигасына қатысушы болып табылмайтын Британиялық империяның барлық басқа бөліктері- Джон Фишер Вильямс, Лесли С. Брасс

Үндістан - Конвенцияның 24-бабына сәйкес менің қойған қолыма қандай да бір Ханзаданың немесе сюзеренитет кезінде Ұлы Мәртебелі Басшының аумақтары кірмейді - Вернон Доусон

Болгария	-	Д.	Микофф
Китай	-	Лоун	Лайанг
Колумбия	-	А. Дж.	Рестрепо
Куба	-	Дж. де Бланк,	М.Р. Альварез
Дания	-	Вильям	Борберг

Данциг қаласынан еркін қала (немісше атауы Гданьск) - Ф. Сокал, Джон Мюл

Испания - Маурицио Лопез Робертс, Маркиз де ла Торрехермоса

Франция - Календарь

Греция	-	Мегалос	Калоянни
Венгрия	-	Пол	де Хевеси
Италия	-	Уго	Алоизи
Жапония	-	Райзабуро	Хайаши, Шигеру Нагаи
Люксембург	-	Ч.	Дж. Вермэйр
Монако	-	Р.	Эллес

Норвегия: Осы Конвенцияға қол қойған сәтте төмендегі қол қоюшылар өз
үкіметтерінің атынан:

жалпы норвегия қылмыстық кодексінің 2-бөлімі 176-бабының және норвегияның
қаскүнемдерді ұстап беру туралы заңы 2-бабының қаулыларына орай, егер қолдан
жасалған ақша белгілерін айналымға жіберген адамның оларды адал жолмен алса, осы
конвенцияның 10-бабында көзделген ұстап беруге 2-бөлімнің 3-бабында көзделген
құқық бұзушылықтар үшін рұқсат беру мүмкін емес - Ч. Л. Ланж

Панама	-	Дж.	Д.	Аросемена
Нидерланды	-	А.А. ван дер Фельц,	П.Дж. Герке,	К.Х. Броекхофф
Польша	-	Ф. Сокал,	Влодзимиев	Сокальский
Португалия	-	Хосе Каеро	да Мата	
Румыния	-	Антониадес	Веспасиен В. Пела,	Паскаль Тонцеско
Сербия, Хорватия и Словения	-	Корольдігі	- д-р Томас Гиванович	
Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы	-	Г. Лачкевич,	Николаас	Любимов
Швейцария	-		Делаквис	

Чехословакия - Ярослав Каллаб

Хаттама

1. Түсіндірулер

Конвенцияға қол қойған сәтте осы күннен бастап төменде қол қойған уәкілетті
адамдар Конвенцияның әр түрлі қаулыларына қатысты төмендегі түсіндірулерді
қабылдайтынын мәлімдейді.

Мыналар:

(1) нәтижесі белгілі бір елде заңды күш беру болып табылуы тиіс банктік билетке
соғылған мөртабандарды қолдан жасау билетті қолдан жасауды білдіретіні;

(2) Конвенция жоғары уағдаласушы тараптардың жазаны жеңілдету режимін,
сондай-ақ кешірім жасау және рақымшылық жасау құқығын өздерінің ішкі заңнамасы
бойынша өздері қажет деп санайтындай реттеу құқығына ешқандай нұсқан
келтірмейтіні;

(3) Конвенцияның 4-бабының мәнін құрайтын ереже қылмыстардың жиынтығы
жағдайында жаза белгілейтін ішкі ережелерге ешқандай өзгерістер енгізбейтіні. Ол бір

уақытта қолдан жасаушы және таратушы болып табылатын бір адамды тек қана қолдан жасаушы ретінде ғана қудалауға болмайтынына кедергі жасай алмайды;

(4) жоғары уағдаласушы тараптар сот тапсырмаларын өздерінің ішкі заңнамасында көздеген шамада ғана орындауға міндетті екендігі белгіленеді.

2. Ескертпелер

Төменде жазылған ескертпелерді жасайтын жоғары уағдаласушы тараптар өздерінің Конвенцияны қабылдауын осыларға байланысты етеді; олардың қатысуын басқа да барлық жоғары уағдаласушы тараптар осы ескертпелермен қабылдайды.

(1) Үндістан Үкіметі 9-бап Үндістанда қолданылмайды деген ескертпені жасайды, онда осы бапта жазылған ережені бекіту заңнамалық билік функциясына жатпайды.

(2) Кейбір державалардың азаматтары қолданатын консулдық юрисдикцияның күшін жоюға қатысты келіссөздердің аяқталуын күтуде Қытай үкіметі үшін үшінші мемлекет ақша белгілерін қолдан жасады деп айыптаған шетел азаматын ұстап беруге келісетін үкіметтің жалпы міндеттемелерін қамтитын 10-бапты қабылдау мүмкін емес.

(3) 20-баптың қаулысы бойынша Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының делегациясы, егер ол қаласа, өзінің ратификациялау грамотасын соңғы басқа да барлық қол қойған немесе қосылған мемлекеттерге хабарлауы үшін оның көшірмесін Ұлттар лигасының бас хатшысына беру үшін басқа қол қойған мемлекетке хабарлау құқығын ө з ү к і м е т і н е қ а л д ы р а д ы .

РАТИФИКАЦИЯЛАҒАН

Испания	(1930	жылғы	28	сәуір);
Болгария	(1930	жылғы	22	мамыр);
Португалия	(1930	жылғы	18	қыркүйек);
Югославия	(1930	жылғы	4	қараша);
Дания	(1931	жылғы	19	ақпан);
Норвегия	(1931	жылғы	16	наурыз);
Греция	(1931	жылғы	19	мамыр);
Австрия	(1931	жылғы	25	маусым);
ССР	(1931	жылғы	13	шілде);
Чехословакия	(1931	жылғы	12	қыркүйек);
Монако	(1931	жылғы	21	қазан);

ҚАБЫЛДАНҒАН

Эстония (1930 жылғы 30 тамыз)

ТАРАПТАР:

ТАРАПТАР:

3. Декларациялар Швейцария

Конвенцияға қол қойған сәтте Швейцария өкілі мынадай декларация жасады:
«Швейцарияда бірыңғай қылмыстық кодекс енгізу туралы мәселе оң шешімін таппайынша, Конвенцияның қылмыстық қаулыларына қатысты міндеттемелерді өзіне қабылдай алмайтын Швейцария Федералдық Кеңесі Конвенцияны ратификациялау белгілі бір уақыт аралығында жүргізілуі мүмкін емес екенін атап өтеді.
Алайда, Швейцария Федералдық Кеңесі 25-бапқа сәйкес Конвенция күшіне енген сәттен бастап өзіне берілген билікке қарай Конвенцияның әкімшілік қаулыларын орындауға ықыласты».

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

Конвенцияға қол қойған сәтте Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының өкілі
мынадай декларация жасады:

«Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының делегациясы 19-баптың қаулысын қабылдай отырып, өзіне қатысты болғандықтан, Одақтың үкіметі Халықаралық соттың тұрақты палатасының юрисдикциясына жүгінуді білдірмейтінін мәлімдейді.

Тікелей келіссөздермен шешуге болмайтын даулар Халықаралық соттың тұрақты палатасына өтініш білдіруден басқа кез келген аралық тәртіппен шешуге болатыны жөнінде осы баптың қаулысына қатысты Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы осы қаулыны қабылдау мемлекеттер арасындағы дауларды шешуші құрал ретінде аралық сот туралы жалпы мәселеге Одақ үкіметінің көзқарасын өзгертетіндей түсіндірілмеуі тиіс екенін анық мәлімдейді».

Осы хаттама жоғары уағдаласушы тараптар арасында міндеттемелер тудыратындықтан, осы күні жасалған Конвенция сияқты күші, мәні және ұзақтығы болады, оның үстіне ол оның ажырамас бөлігін құрайтындай қаралуы тиіс.

Осыны куәландыру үшін төменде қол қойған уәкілетті адамдар осы хаттаманың астына өз қолдарын қойды.

Бір мың тоғыз жүз жиырма тоғызыншы жылы жиырмасыншы сәуірде Женевада Ұлттар лигасының хатшылық мұрағатында сақтауда қалатын бір данада жасалды; оның тиісті түрде расталған көшірмелері Ұлттар лигасының барлық мүшелеріне және конференцияда ұсынылған оның мүшелері емес мемлекеттерге беріледі.

А л б а н и я	-	д - р	С т а в р о	С т а в р и	
Г е р м а н и я	-	д - р	Е р и к К р а с к е ,	д - р В о л ь ф г а н г М э т г е н б е р г	В о к к е
А Қ Ш	-		Х ь ю	Р .	У и л с о н
А в с т р и я	-	д - р	Б р у н о		Ш у л ь ц
Б е л ь г и я					С е р в э й с

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия, сондай-ақ Ұлттар Лигасына қатысушы болып табылмайтын Британиялық империяның барлық басқа бөліктері - Джон Фишер
В и л ь я м с , Л е с л и С . Б р а с с

Үндістан	-	Вернон	Доусон
Болгария	-	Д.	Микофф
Қытай	-	Лоун	Лайанг
Колумбия	-	А. Дж.	Рестрепо
Куба	- Дж. де	Бланк, М.Р.	Альварез
Дания	-	Вильям	Борберг
Данциг қаласынан еркін қала	-	Ф. Сокал, Джон Мюл	
Испания	-	Маурицио Лопез Робертс, Маркиз де ла Торрехермоса	
Франция	-		Календар
Греция	-	Мегалос	Калоянни
Венгрия	-	Пол де	Хевеси
Италия	-	Уго	Алоизи
Жапония	-	Райзабуро Хайаши, Шигеру	Нагаи
Люксембург	-	Ч. Дж.	Вермэйр
Монако	-	Р.	Эллес
Норвегия	-	Ч. Л.	Ланж
Панама	-	Дж. Д.	Аросемена
Нидерланды	-	А.А. ван дер Фельц, П.Дж. Герке, К.Х. Брокхофф	
Польша	-	Ф. Сокал, Влодзимierz	Сокальский
Португалия	-	Хосе Каеро да	Мата
Румыния	-	Антониаде Веспасиен В. Пела, Паскаль Тонцеско	
Сербия, Хорватия и Словения	-	Корольдігі - д-р Томас Гиванович	
Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы	-	Г. Лачкевич, Николас Любимов	
Швейцария	-		Делакуис

Чехословакия - Ярослав Каллаб

АВСТРИЯ, БОЛГАРИЯ, КОЛУМБИЯ, КУБА, ИСПАНИЯ және т.б. Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі хаттаманың түпнұсқасы 1929 жылғы 20 сәуірде Женева қаласында қол қойылған.

АҚША БЕЛГІЛЕРІН ҚОЛДАН ЖАСАУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМАСЫ .

1929 ЖЫЛҒЫ 20 СӘУІРДЕ ЖЕНЕВА ҚАЛАСЫНДА ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН.

Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі Конвенцияға сәйкес жүргізілген ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күреске қатысты едәуір ілгерілеуді мойындай отырып, бүгінгі күнге дейін осы Хаттамаға қол қойған Жоғары Уағдаласушы Тараптар оны бекіте отырып, өздерінің өзара іс-қимылдарында аталған Конвенцияның 3-бабында көзделген экстрадицияларға, актілерге қатысты мәселелерді қарапайым қылмыстар ретінде қарауға міндеттенеді. Ұстап беру мұндай арыз берілген елдің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Аталған Конвенцияның II бөлігіндегі ережелер мынадай ережелерді қоспағанда, осы Хаттамаға қатысты болып табылады:

(1) Конвенцияның 20-бабына сәйкес осы Хаттамаға Ұлттар Лигасына кез келген мүше-мемлекеттің немесе конференцияда ұсынылған, онда қол қойған немесе қол қоюға әзірленіп жатқан мүшелікке кірмейтін немесе Ұлттар лигасының Кеңесі аталған Конвенцияның көшірмесін жолдаған кез келген мемлекеттердің атынан қол қойылуы м ү м к і н .

1929	жылғы	30	тамызда	күшіне	енеді.
РАТИФИКАЦИЯЛАР				ДЕПОЗИТАРИІ:	
Испания	(1930	жылғы	28	сәуір)	
Болгария	(1930	жылғы	22	мамыр)	
Португалия	(1930	жылғы	18	қыркүйек)	
Югославия	(1930	жылғы	24	қараша)	
Греция	(1931	жылғы	19	мамыр)	
Австрия	(1931	жылғы	25	шілде)	
Чехословакия	(1931	жылғы	12	қыркүйек)	
ҚАБЫЛДАНҒАН				ТАРАПТАР:	
Эстония (1930 жылғы 30 тамыз)					

(2) Осы Хаттама ратификацияланғаннан немесе Ұлттар Лигасына үш қатысушысы немесе қатысушысы болып табылмайтын Мемлекеттер атынан қосылғаннан кейін к ү ш і н е е н е д і .

(3) Ратификациялау немесе аталған Хаттаманы қабылдау Конвенцияны ратификациялауға немесе қабылдауға қатысты болмайды.

Аталған Хаттамаға төменде көрсетілген құзыретті тұлғалардың растауымен қол қ о й ы л д ы .

Женева қаласында бір мың тоғыз жүз жиырма тоғызыншы жылғы 23 сәуірде бір данада жасалды.

А в с т р и я	-	Б р у н о	Ш у л ь ц
К о л у м б и я	-	А . Д ж .	Р е с т п е р о
К у б а	- Дж . де	Б л а н к ,	М . Р . А л ь в а р е з
Г р е ц и я	-	М е г а л о с	К а л о я н и
П о р т у г а л и я	-	Х о с е	К а е р о да М а т а
Р у м ы н и я	-	А н т о н и а д е ,	В е с п а с и е н В . П е л а , П а с к а л ь Т о н ц е с к о
С е р б и я , Х о р в а т и я ж әне С л о в е н и я	к о р о л ь д і г і -	д - р Т о м а с	Г и о в а н о в и ч
Ч е х о с л о в а к и я	-	Я р о с л а в	К а л л а б
П а н а м а	-	Д ж .	Д . А р о с е м е н а
Б о л г а р и я	-	Д .	М и к о ф ф
И с п а н и я	-	М а у р и ц и о л о п е з	Р о б е р т с , М а р к е с де л а Т о р р е х е р м о с а
П о л ь ш а	-	Ф . С о к а л	

Осымен Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияның орыс тіліндегі мәтіні ағылшын тіліндегі мәтініне сәйкес келетінін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а л ы қ қ ы л м ы с қ а ж ә н е
с ы б а й л а с ж е м қ о р л ы қ қ а қ а р с ы
к ү р е с а г е н т т і г і (қ а р ж ы п о л и ц и я)

Төрағасының орынбасары

А. Лукин

1929 жылғы 20 сәуірде Женева қаласында жасалған Ақша белгілерін заңсыз жасаумен күрес туралы халықаралық конвенцияның бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ а і с т е р м и н и с т р л і г і
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

Ж. Бухбантаев

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Халықаралық келісімнің мәтіні ағылшын тілінде берілген.